

Түркістан облысы
Сарыағаш ауданы білім бөлімі
№74 жалпы білім беретін мектеп
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Жол тәртібін
білейік, аман есен жүрейік»

3 «Б» сынып
Сынып жетекші: Б.Ешева

2023-2024 оқу жылы

ДТЖО:  Ж.Жассахова

Тақырыбы: *Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік!*

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері, жолда жүру әліппесі, жол ережесіне арналған суреттер, оқушылар шығармашылығы (салған суреттері), “Бағдаршам” қабырға газеті.

Әдіс – тәсілдері: сұрақ – жауап, топпен жұмыс, ойын, оқушылардың шығармашылығы — салған суреттері.

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру бөлімі.

Мұғалім: Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қауіпі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Міне, осы мақсатта біз бүгін «Жол ережесін білейік ,аман есен жүрейік!» атты жол ережелеріне арналған тәрбиелік шара өткізбекшіміз. Ендеше, қош келдіңіздер!

Шаттық шеңбері:

Біз ақылды баламыз,

Өседі ой санамыз.

Талаптанып білуге ,

Бар ынтаны саламыз.

Ойнаймызда ойлаймыз,

Ойлаймызда санаймыз.

Үйренуге құмармыз,

Білім жолын қуамыз.

- Балалар, сендер саяхаттағанды ұнатасыңдар ма?
- Саяхатқа немен шығуға болады?
- Әрине, автокөлікпен, тарамваймен, троллейбуспен саяхаттауға болады.
- Жолда жүру ережесін білмей, саяхаттауға бола ма?

(Осы кезде самакат пен бала кіріпкеледі).

Жол алициясы: Ысқырып сен жол ережесін бұздың.

Бала: Мен ережені білмеймін.

Ал ендеше балалар біз жол жүру ережелерімен таныс болайық.

Тақпақ: Жол белгілері туралы

Қызығушылығын ояту.

Сұрақ – жауап:

1. Балалар көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?

Әр адамның өз өмірінің қауіпсіздігі үшін.

1. Жаяу жүргіншіге қай жермен жүруге болмайды?

Көліктер жүретін тас жолмен.

1. Көшеде жүру тәртібін кім басқарады?

Жол полициясы басқарады.

1. Бір жерге асықсаң, жолдан тез жүгіріп өту керек пе?

Жолдан өту кезінде оң жаққа, сол жаққа қарап жаяу жүргіншілер өтетін жолмен жүру керек.

Жүргізуші:

Қызыл жанды, тоқтағын,

Көрдің жұрттың тосқанын.

Сары жанды – дайындал

Айналаңа қарап ал.

Жасыл жанды – тыңдағын

Жолың ашық, тұрмағын.

Балалар, бүгінгі кешіміздің ең басты қонағы – Бағдаршамды ортаға шақырамыз.

Ортаға Бағдаршам болып киінген оқушы шығады.

Бағдаршам: Сәлем, балалар! Мені барлық елдің балалары жақсы біледі. Бүгін мен сендерге арнайы келдім.

Жүргізуші: Қош келдің, Бағдаршам! Ал, енді балаларға бағдаршам өзің туралы айтып бер.

Бағдаршам:

Күндіз түні жанымда,

Дабыл беріп бәріне.

Үш түрлі түсім бар,

Белгілі жас кәріге

Мен бағдаршам боламын.

Жүргізуші: Бағдаршам біздің де балалар, сен туралы тақпақтары бар.

Қызыл көзі

Мен көзімді ашқанда,

Ешқашанда баспа алға.

Орныңда тұр қозғалма

Ереже бұл “Сен тоқта!”

Сары көзі

Мен көзімді ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жүруге әлі болмайды,

Дайындықты сақтайды

Жасыл көзі

Мен көзімді ашқанда,

Көліктер саған тоқтайды.

Ережені білгендер,

Өтуге еш қорықпайды.

Бағдаршам:

Жолды кесіп өтерде,
Сол жағыңа қарайла,
Жарты ортаға келгенде
Оң жағыңа қарайла
Білгеніңді басқаға
Үйрете жүр, жарай ма?

БИ: Бағдаршам биі

Тақпақ

Есімхан:

Қаламызда қырандай,
Самғар көлік табылар.
Троллейбус пен трамвай,
Автобустар тағы бар.
Автобусты асығып,
Жолды кесіп өтпеймін.
Доп тепкендей асырып,

Аяжан:

Болу керек тым абай,
Мінгенде не түскенде.
Өзім барар бағыттың,
Нөмірін де білемін.
Ережеге қанықпын,

Аяулым

Артқы есіктен кіремін.
Жұрт аяғын баспаймын
Бүлдірмеймін, шашпаймын.
Жол ақысын «қоянша»,
Төлеместен қашпаймын.

Н.Шапағат.

Шаршап кейде жүрсем де,
Орын берем үлкенге.
Қатты шулап тұрмаймын,
Құрбылармен күлсем де.
Аялдама аттарын
Жаңылмастан жаттаймын.
Жолда жүру тәртібін
Мен осылай сақтаймын.

Бейбарыс.

Бақылап жо́л тәртібін,
Өткізетін әр күнін.
Реттеушіні көрдім мен.
Қиылыстан дәл бүгін.
Ала таяқ қолында
Айтары көп оның да.

Нұрлыайым.

Тік көтерсе таяқты,
Баспа алға аяқты.
Бағдаршамның бұл белгі
Сары шамы сияқты.

жұмбақ сайысы:

Балаларға жұмбақтар жасырады

1. Арқаным бар тым ұзын,
Ала-алмайсың бір үзім.
Табыңдаршы, балалар,
Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)

2. Бір тұлпар, су ішпейді, жем жемейді,
Ескеріп ешбір адам емдемейді.
Жүк емес жануарға жүз адам да,
Шылбырын сымға байлап тез жөндейді. (Трамвай)

3. Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақта,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

4. Ала таяқ ұстағаны
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен,
Ысқырықпен түзеткен. (Милиционер)

5. Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып аялайды.
(Автобус)

6. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,
Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

7. Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)

Ойын: Машиналар жарысы.

Мұғалім: Рахмет, балалар. Сендер бүгін көп мәлімет білдіңдер. Алдағы уақытта осы жол ережесін сақтап, басқа балаларға үйретіп жүріңдер.

Бүгін сіздер өздеріңнің жол ережесін білетіндіктеріңді көрсеттіңдер. Қай жерде жүрсеңдер де жолда жүру ережесін сақтап, басқаларды да соған шақырыңдар дегім келеді. Жолың болсын балақай! Осымен Жол ережесін білейік аман есен жүрейік атты іс шарамыз аяқталды сау болыңдар.

Барлығы: Жол тәртібін білейік
Аман есен жүрейік!




OPPO A53



OPPO A53





OPPO A53



OPPO A53